

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 129 "Атырау облысы Индер ауданының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 169 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 5075-06 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Индер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 129 "Атырау облысы Индер ауданының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4185 тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Индер ауданының әкімі

Д. Шамуратов